

Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 244 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 мамырда тіркелді. Тіркеу N 3627. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 587 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007.11.29. N 587 Бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі бекітілсін.
2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (С.Б.Есбосынова) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.
3. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.
4. Күшін жойған нормативтік құқықтық актілердің тізбесі бекітілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Шәмшидиноваға жүктелсін.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж . 1 5 с ә у і р д е г і
N 244 бұйрығына қосымша

**К ү ш і н ж о й ғ а н н о р м а т и в т і к
қ ұ қ ы қ т ы қ а к т і л е р д і ң т і з б е с і**

1. Мемлекеттік тіркеу тізіміндегі нормативтік құқықтық актілерде N 1245 тіркелген, "Білім және ғылым хабаршысы" журналының 2002 жылғы N 2-3 санында жарияланған "Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің N 1245 тіркелген 2000 жылғы 10 шілдедегі N 707 бұйрығы .

2. Мемлекеттік тіркеу тізіміндегі нормативтік құқықтық актілерде N 1880 тіркелген, "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 707 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"» Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 16 мамырдағы N 393 бұйрығы .

3. Мемлекеттік тіркеу тізіміндегі нормативтік құқықтық актілерде N 2232 тіркелген, "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 707 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 15 наурыздағы N 157 бұйрығы .

4. Мемлекеттік тіркеу тізіміндегі нормативтік құқықтық актілерде N 2375 тіркелген, "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 707 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 364 бұйрығы .

5. Мемлекеттік тіркеу тізіміндегі нормативтік құқықтық актілерде N 2853 тіркелген, "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 707 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 327 бұйрықтар күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 5 с ә у і р д е г і
N 244 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік орта оқу орындарына оқуға қабылдаудың осы үлгі ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан кәсіптік орта оқу орындарына оқуға қабылдаудың тәртібін белгілейді.

2. Кәсіптік орта оқу орындарына (бұдан әрі - оқу орындары) Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар мен Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық шарттарда, келісімдерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарымен жасасылған келісім-шарттарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында тұрақты түрде тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар; жалпы негізгі, жалпы орта немесе кәсіптік білімі бар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар қабылданады.

Басқа шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар оқу орындарына

Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасында бекітілген халықаралық шарттарда, белгіленген тәртіппен қабылданады.

3. Оқу орындарына оқуға қабылдау кезінде "Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде адамдардың жекелеген санаттары үшін қабылдау квотасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысымен бекітілген қабылдау квотасы белгіленеді. Ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дауын айқындайтын кәсіптік орта білім берудің мамандықтар тізбесі осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

4. Кәсіптік бастауыш білімі бар азаматтар оқуға қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша оқуға қабылданады; кәсіптік орта білімі барлар ақылы негізде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

Аталған санаттағы тұлғалар үшін түсу емтихандарының пәндерінің тапсыру нысаны мен тізбесін оқу орындары белгілейді.

5. "Мемлекеттік құпиялармен жұмыс жасауды талап ететін Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру мамандықтарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы қыркүйектегі N 1335 қаулысымен бекітілген Тізбеге сәйкес мемлекеттік құпиялармен жұмыс жасауды талап ететін кәсіптік орта білім берудің жекелеген мамандықтары бойынша оқуға Қазақстан Республикасының азаматтарын қабылдау мамандандырылған мемлекеттік оқу орындарында ғана және басқа мемлекеттік оқу орындарының мамандандырылған бөлімшелерінде жүзеге асырылады.

2. Қабылдауды ұйымдастыру

6. Оқу орындарына оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдауды ұйымдастыру, түсу емтихандарын өткізу және оқушылар құрамына қабылдау үшін қабылдау комиссиясы құрылады, ол өз жұмысын 1 маусымнан кешіктірмей бастайды.

7. Оқу орындарының қабылдау комиссияларының өңірлерге барып азаматтарды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру құрылтайшының келісімі бойынша шешіледі.

8. Қабылдау ережелері, сондай-ақ өтініштерді қабылдауды ұйымдастыру жөніндегі қабылдау комиссияларының шешімі туралы ақпарат, түсу емтихандарын өткізу жөніндегі кесте, оқуға түскені туралы нәтижелер уақытылы оқуға түсушілердің назарына жеткізілуі қажет.

9. Оқу орындарына оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау 20 маусымнан бастап 20 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттайғы нысанына 20 маусымнан 20 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады. Оқудың күндізгі

нысанына түсу емтихандары 1 тамыздан бастап, 28 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттайғы нысанына 1 тамыздан 25 қыркүйек аралығында өткізіледі.

Мамандықтарына өтініштерді қабылдау (0604002, 0605002, 0606002, 0607002, 0608002, 0609002, 0610002, 0611002, 0612002, 0613002, 0614002, 0615002, 0616002, 0619002, 0630002, 0639002, 0640002) 20 маусымнан бастап 20 шілде аралығында, арнаулы немесе шығармашылық емтихандар 21 шілдеден бастап 28 шілде аралығында жүзеге асырылады.

Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2007.05.15. N 249 бұйрығымен.

10. Оқу орнына оқуға қабылдау туралы өтінішке қосымша оқуға түсушілер білімі туралы құжаттың түпнұсқасын, N 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін - сараптама медициналық-әлеуметтік тұжырымы), 3x4 көлемдегі 4 суретті, ағымдағы жылдың орта жалпы білім беретін оқу орындарының бітірушілері ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері туралы сертификатты (бұдан әрі - ҰБТ сертификаты) немесе кешенді тестілеудің сертификатын қоса береді. Оқуға түсушінің тұлғасын куәландыратын құжаттар (паспорт немесе тууы туралы куәлік) жеке ұсынылады.

Оқытудың нысандары бойынша және шарттық негіздегі (ақылы) оқуға түсушілерден түскен өтініштер жеке тіркеледі және ескеріледі.

Ескерту: 10-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2007.05.15. N 249 бұйрығымен.

11. Түсу емтихандары:

- жалпы орта білімі бар азаматтар үшін (өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқитын ағымдағы жылғы жалпы білім беретін мектептердің бітірушілері) жалпы орта білім берудің оқу бағдарламалары көлемінде үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән өткізіледі;

- жалпы орта білімі бар (орта жалпы білім беретін оқу орындарының оқушыларды ауыстыру халықаралық жүйесі бойынша шетелде оқыған, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқыған, республикалық музыкалық мектеп-интернаттарды, мәнделес емес мамандықтар бойынша оқуға түсетін кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдарын ағымдағы жылғы бітірушілер, сонымен қатар өткен жылдардағы бітірушілер) жалпы орта білім берудің оқу бағдарламалары көлемінде үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні пәні бойынша) өткізіледі.

Мамандық бейінінің пәні осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес айқындалады.

Ескерту: 11-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 400 бұйрығымен , 2006 жылғы 29 наурыздағы N 151 бұйрығымен , 2007.05.15. N 249 бұйрығымен.

12. 9-тармақта көрсетілген мамандықтары бойынша оқуға түсетін азаматтар оқу орны бекіткен бағдарламалар бойынша жүргізілетін арнаулы немесе шығармашылық емтихандарын тапсырады.

Арнаулы немесе шығармашылық емтихандар бойынша "қанағаттанарлықсыз" баға алған немесе ол емтиханға себепсіз келмей қалған азаматтар қалған емтихандарға жіберілмейді.

Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2007.05.15. N 249 бұйрығымен.

13. Негізгі орта білімі 11-тармақта көрсетілген орта білімі бар азаматтар үшін түсу емтихандарының нысандарын: кешенді тестілеу немесе пәндер бойынша емтиханды оқу орны белгілейді.

Ескерту: 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 29 наурыздағы N 151 бұйрығымен , 2007.05.15. N 249 бұйрығымен.

14. Түсу емтихандарын өткізу кезінде:

1) тестілеу нысанында әрбір пән бойынша тестілеу тапсырмаларының саны 30 болып белгіленеді. Әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы 1 баллмен бағаланады. Тестілеуге үш пән бойынша 2 сағат 15 минут, ал екі пән бойынша - 1 сағат 30 минут беріледі. Дұрыс жауаптар коды тестілеу аяқтала салысымен ілінеді. Тестілеу нәтижелері ол өткізілген күні хабарланады;

2) пәндер бойынша емтихандардың түрінде, түсу емтихандарының түрінде нәтижелері бойынша алынған "3", "4", "5" бағаларды қабылдау комиссиясы мынадай шкала бойынша: "3"»- 10 балл, "4" - 20 балл, "5" - 30 баллдарға ауыстырады.

Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 400 бұйрығымен , 2006 жылғы 29 наурыздағы N 151 бұйрығымен .

15. Бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау және пәндер емтихандары кезіндегі даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады.

Тестілеу немесе пәндер бойынша түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген азамат апелляцияға беруге құқығы бар.

Апелляция қабылдау комиссиясына беріледі және түсу емтихандарының нәтижелері хабарланғаннан кейін бір тәулік бойы өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссия қарайды.

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 29 наурыздағы N 151 бұйрығымен .

16. Тестілеуді немесе пәндер бойынша түсу емтихандарын қайта тапсыруға болмайды.

3. Білім алушылар құрамына қабылдау

17. Оқу орнының білім алушылар құрамына азаматтарды қабылдау конкурстық негізде күндізгі оқу нысанына 25-30 тамызда, оқытудың кешкі және сырттайғы нысанына 15-30 қыркүйекте жүргізіледі.

К о н к у р с :

ағымдағы жылдың ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі - ҰБТ) нәтижелері бойынша берілген сертификаттар баллдары негізінде;

кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандары бойынша берілген сертификаттар баллдары негізінде;

оқу орны жүргізген пәндер бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша немесе тестілеу нысанында алынған баллдар (бағалар) негізінде жүргізіледі .

Қабылдауға конкурс өткізу кезінде ҰБТ-ны немесе кешенді тестілеу сертификаттарында көрсетілген осы Ереженің 10-тармағына сәйкес үш пән баллдарының сомасы ескеріледі.

Оқушылар құрамына қабылдауға конкурсқа қатысуға жалпы негізгі білімі барлар үшін екі пәннен кемінде 20 балл, медицина мамандықтары бойынша кемінде 30 балл, сондай-ақ жалпы орта білімі барлар үшін үш пәннен кемінде 30 балл, медицина мамандықтары бойынша кемінде 40 балл жинаған азаматтар жіберілмейді .

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 29 наурыздағы N 151 бұйрығымен , 2007.05.15. N 249 бұйрығымен.

18. Көрсеткіштер бірдей болған жағдайда қабылдау кезінде мыналардың құқығы басым болады (растайтын құжаттар болған жағдайда): жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, I және II топтағы мүгедектер, медициналық-әлеуметтік сараптама тұжырымына сәйкес оқу орындарында оқуға қайшы келмейтін бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар және үздік білімі туралы құжаттары бар (куәліктер, аттестаттар, дипломдар) а з а м а т т а р .

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 400 бұйрығымен , 2007.05.15. N 249 бұйрығымен.

19. Оқу орнына қабылдау мамандықтар, бөлімшелер, оқыту тілдері бойынша бөлек қабылдау комиссиясының ашық мәжілісінде жүргізіледі.

20. Осы үлгі ережеге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының жарғысына сәйкес меншік нысанына қарамастан әрбір оқу орны құрылтайшысының және білім беру саласындағы атқарушы органның келісімі бойынша өзінің нақты оқуға қабылдау ережесін әзірлейді және бекітеді және құжаттарды қабылдауға дейін бір ай бұрын кешіктірмей оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 29 наурыздағы N 151 бұйрығымен .

21. Барлық оқу орындары облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларына (департаменттеріне) белгіленген нысандар мен мерзімге сәйкес статистикалық есепті, ал қабылдауды өткізгеннен кейін он күндік мерзімде - білім алушыларды қабылдауды ұйымдастырып, жүргізу жөніндегі мәтіндік е с е п т і ұ с ы н а д ы .

Облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары (департаменттері) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне белгіленген нысанда оқу орындарына қабылдау қорытындысы туралы пысықталған есепті 1 қазанға ұсынады.

22. Қабылдаудың осы үлгі ережесінде регламенттелмеген мәселелерді оқу орнының қабылдау комиссиясы дербес шешеді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2005 жылғы 15 сәуірдегі
N 244 бұйрығына

1-қосымша

Ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын

Кәсіптік орта білім беру мамандықтарының тізбесі

N	Мамандық топта- рының атауы (шифр)	ҚР Кәсіптік білім маман- дықтарының (кәсіптерінің) коды	Білім беру профилі Мамандықтың атауы
1	2	3	4
1	0 1 0 0 0 0 0 Жаратылыстану- ғылыми мамандықтар	0101002 0102002	Гидрология Метеорология
2	0 2 0 0 0 0 2 Гуманитарлық мамандықтар	0201002 0204002	Құқық және әлеуметтік қамтамасыз етуді ұйымдастыру Әлеуметтік іс

		0205002	Құқықтану
3	0300000 Білім беру мамандықтар	0301002	Мектепте дейінгі тәрбие
		0302002	Мектептен тыс және сыныптан тыс тәрбие жұмысы
		0303002	Математика
		0304002	Физика
		0305002	Ұйғыр тілі және әдебиеті
		0306002	Қазақ тілі және әдебиеті
		0307002	Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті
		0308002	Орыс тілі және әдебиеті
		0309002	Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі орыс тілі және әдебиеті
		0310002	Дене тәрбиесі
		0311002	Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері және валеология
		0312002	Валеология
		0313002	Кәсіптік оқыту (сала бойынша)
		0314002	Бастауыш сыныптарды оқыту
		0315002	Бейнелеу өнері және сызу
		0316002	Шетел тілі
		0317002	Әлеуметтік педагогика
		0318002	Технология
		0321002	Өзбек тілі және әдебиеті
		0322002	Саздық білім беру
4	0400000 Медициналық мамандықтары	0401002	Емдеу жұмысы
		0402002	Акушерлік жұмыс
		0403002	Гигиена және эпидемиология
		0404002	Стоматология
		0405002	Ортопедиялық стоматология
		0406002	Фармация
		0407002	Мейірбике ісі
		0408002	Лабораториялық диагностика
		0409002	Медициналық оптика
5			Ветеринария

	0500000 Ветеринарлық мамандықтары	0501002	
6	0600000 Өнер және мәдениет мамандықтары	0601002	Кітапхана жұмысы
		0603002	Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркем шығармашылық
		0604002	Аспапта орындаушылық
		0608002	Музыка теориясы
		0619002	Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнер (профиль бойынша)
		0622002	Көркем тоқымашылық өнері
		0624002	Көркемдік бұйымдар мен сәндік заттарды қалпына келтіру
		0627002	Ағашты көркемдеп өңдеу
		0630002	Көркем қыш бұйымдары
		0636002	Металды көркемдік өңдеу
		0639002	Сәулет
0640002	Дизайн (профиль бойынша)		
7	0700000 Экономикалық мамандықтар	0705002	Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит (салалар бойынша)
		0706002	Тұтыну тауарларының сапасын сараптау
		0711002	Коммерция (әр сала бойынша)
		0712002	Менеджмент (салалар бойынша)
		0713002	Бағалау (салалар және қолдану аймақтары бойынша)
		0714002	С а л ы қ і с і (салалар бойынша)
		0716002	Банк ісі
		0718002	С а қ т а н д ы р у і с і (салалар бойынша)
8	0800000 Қызмет көрсету саласы	0802002	Күрделі тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету
		0808002	Үй шаруашылығын жүргізу
		0810002	

			Радиотехника және телеаппараттарды және жөндеу және пайдалану
		0814002	Бұйымдарды химиялық тазалау және бояу
		0819002	Шаштараз өнері мен сәндік косметика
		0829002	Қонақ үйлерде және туристік кешендерде қызмет көрсетуді ұйымдастыру
		0830002	Халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыру
		0831002	Маркетинг (салалар бойынша)
9	1600000 Метрология, стандарттау және сапаны бақылау	1601002	Стандарттау, сертификаттау және өнім сапасын бақылау (салалар бойынша)
10	1700000 Тіршілік қауіпсіздігі	1701002	Өрт қауіпсіздігі
		1703002	Экология және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану (салалар бойынша)
		1704002	Мелиорация және жерді қорғау
		1705002	Төтенше жағдайларда құтқару
11	2000000 Мұнай-газ ісі	2002002	Мұнай және газ кен орындарын пайдалану
		2004002	Мұнай мен газ скважиналарын бұрғылау
		2006002	Мұнай-газ құбырларын және мұнай-газ қоймаларын салу және пайдалану
		2007002	Мұнай мен газды сақтау және тасымалдау
		2017002	Бұрғылау жұмыстары технологиясы
		2019002	Мұнай-газ және жанар май құю станцияларын салу мен пайдалану
12	2100000 Электрэнергетика	2104002	Электрэнергетикалық жүйелер мен желілер
		2105002	

			Электрмен қамсыздандыру (әр сала бойынша)
		2106002	Электр стансалары мен бөлімше стансалардағы және электр жіберу жолдарындағы электр жабдықтарын монтаждау және қалпына келтіру
13	2 2 0 0 0 0 0 Энергетика	2203002	Жылумен қамтамасыздандыру жүйесі мен жылу техникасы құрылғыларын пайдалану
		2207002	Жылыту қазан қондырғыларын пайдалану
14	2800000 Көлік техникасы	2802002	Көтергіш-көлік, құрылыс, жол машиналары мен жабдықтарын пайдалану, техникалық күту және жөндеу
		2807002	Темір жол жылжымалы құрамдарын жөндеу және техникалық күту
15	2 9 0 0 0 0 0 Машиналар мен жабдықтар технологиясы	2932002	Сауда және қоғамдық тамақтану өнеркәсіптері жабдықтарын жөндеу және пайдалану
		2934002	Тоңазытқыш-компрессорлы машиналар мен қондырғыларын монтаждау, күту және жөндеу
		2936002	Механикаландыру және автоматтандыру құрал-жабдықтарын (әр сала бойынша) техникалық пайдалану, күту және жөндеу
16	3 0 0 0 0 0 0 Көлікті пайдалану	3002002	Автокөлікті пайдалану және жөндеу
		3005002	Жолаушылар мен жүкті тасымалдауды ұйымдастыру (әр сала бойынша)
		3035002	Өзен флотында кеме жүргізу және пайдалану
17	3 3 0 0 0 0 0 Электр машиналарын жасау, электр технологиялары және электр механикасы	3306002	Электр және электромеханикалық жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету, техникалық пайдалану (әр сала бойынша)
		3312002	Кәсіпорындар мен азаматтық ғимараттардың электр жабдықтарын монтаждау, іске қосу, дайындау және пайдалану
18		3602002	

	3 6 0 0 0 0 0 Автоматика және басқару		Көлікте (көлік түріне қарай) автоматика, телемеханика және басқару
19	3 7 0 0 0 0 0 Информатика және есептеу техникасы	3703002	Есептеу машиналары, кешендері, жүйелері мен тораптары
		3704002	Ақпараттарды өңдеу мен басқарудың (әр сала бойынша) автоматтандырылған жүйелері
		3706002	Есептеу техникасы мен автоматтандырылған жүйелерді бағдарламалық қамтамасыздандыру
20	3 8 0 0 0 0 0 Байланыс, радио-электроника және телекоммуникация	3802002	Радиобайланыс, радиохабар және теледидар
		3805002	Байланыс желілері және коммутация жүйесі
		3810002	Радиофикация және телефондық байланыс жүйелері құрылыстарын пайдалану
		3813002	Пошта байланысы
		3815002	Автоматтандырылған байланыс жүйесін пайдалану
		3827002	Аудиовизуальды техника
		3831002	Жылжымалы объектілермен байланыс жасау құралдары
		3832002	Көліктік (көлік түріне қарай) радиоэлектрондық жабдықтарды техникалық пайдалану
21	4 0 0 0 0 0 0 Көпшілік тұтына-тын тауарлар мен бұйымдардың хими-калық техноло-гиясы	4005002	Тері және былғары өңдеу технологиясы
		4006002	Өңдеу өндірісінің химиялық технологиясы
22	4 1 0 0 0 0 0 Көпшілік тұтына-тын тауарлар мен бұйымдардың технологиясы	4102002	Талшықты материалдарды алғашқы өңдеу
		4119002	Тігу өндірісінің технологиясы
		4123002	Киімдерді модельдеу мен конструкциялау
		4133002	

			Аң терісі мен қой терісі бұйымдарының технологиясы
		4136002	Жүн-киіз және фетр бұйымдарының технологиясы
23	4200000 Азық-түлік тағамдарын өндіру технологиясы	4202002	Жармалық, ұн тартатын құрама жем және элеватор жабдықтары мен машинасы
		4204002	Темекі өндірісі
		4207002	Азық-түлік тағамдарын өндіру машиналары мен жабдықтарын пайдалану
		4209002	Қанттық заттар технологиясы
		4214002	Нан, макарон және кондитер өндірісі
		4223002	Ашытқы өндіру және вино жасау технологиясы
		4225002	Сүт және сүт тағамдарын өндіру технологиясы
		4228002	Ет және ет тағамдарын өңдеу технологиясы
		4232002	Балық және балықтан жасалатын тағамдар технологиясы
		4233002	Астықты сақтау және қайта өңдеу
		4234002	Тамақтандыру мекемелері тағамдарын технологиясы және оны ұйымдастыру
		4238002	Көкөністер мен жемістерді сақтау және қайта өңдеу
24	4300000 Құрылыс және сәулет өнері	4303002	Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану
		4317002	Ішкі санитарлы-техникалық құрылғылар мен вентиляцияны монтаждау және пайдалану
		4320002	Сумен жабдықтау және суды ағызу жүйесін пайдалану
		4323002	Газ жабдықтау жүйесі мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану
		4329002	Гидротехникалық құрылыс
		4331002	Темір жол құрылысы, темір жол және темір жол шаруашылығы
		4332002	Автомобиль жолдары мен аэродромдар салу және пайдалану

		4337002	Құрылыс заттары мен конструкцияларын өндіру
		4342002	Ағаш өңдеу технологиясы
		4343002	Жиһаз өндірісі бұйымдарын көркемдік өңдеу технологиясы
25	4400000 Ауыл және орман шаруашлығы	4402002	Ауыл шаруашылығын механикаландыру
		4405002	Жерге орналастырушылық
		4406002	Агрономия
		4409002	Өсімдік қорғау және агроэкология
		4410002	Гидромелиорация
		4411002	Мелиорация жұмыстарын механикаландыру
		4412002	Фермерлі шаруашылықты ұйымдастыру және жүргізу
		4419002	Балық қорын сақтау және балық аулау кәсібін ұйымдастыру
		4421002	Зоотехния
		4422002	Аңшылық және аң өсіру шаруашылығы
		4424002	Балара өсіру
		4428002	Құс өсіру
		4430002	Жібек шаруашылығы
		4432002	Ауыл шаруашылығын автоматтандыру және электрлендіру
		4434002	Орман шаруашылығын ұйымдастыру
		4436002	Орман шаруашылығы және ағаш дайындау технологиясы
		4437002	Орман және орман бақтары шаруашылығы
		4439002	Бақ-саябақты және ландшафтты құрылыстар

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің

2005 жылғы 15 сәуірдегі
N 244 бұйрығына

2-қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 400 бұйрығымен, 2006 жылғы 29 наурыздағы N 151 бұйрығымен.

Кәсіптік орта оқу орындарында оқу үшін түсу емтихандарына арналған кәсіптік орта білім беру мамандықтар бейіні бойынша

жалпы білім беретін пәндер тізбесі

Коды	Мамандықтың атауы	Профильдік пәннің атауы	
		9 кластың базасы	11 кластың базасы
0100000 Жаратылыстану-ғылыми мамандықтар			
0101002	Гидрология	Математика	Физика
0102002	Метеорология	Математика	Физика
0200000 - Гуманитарлық мамандықтар			
0201002	Құқық және әлеуметтік қамтамасыз ұйымдастыру етуді	-	Дүниежүзілік тарих
0202002	Құқық қорғау қызметі	Қазақстан тарихы	Дүниежүзілік тарих
0203002	Криминалистік сараптау	Қазақстан тарихы	Дүниежүзілік тарих
0204002	Әлеуметтік іс	-	Дүниежүзілік тарих
0205002	Құқықтану	Құқық және мемлекет негіздері	Дүниежүзілік тарих
0206002	Патенттану	Құқық және мемлекет негіздері	Дүниежүзілік тарих
0300000 - Білім беру мамандықтар			
0301002	Мектепте дейінгі тәрбие	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Биология
0302002	Мектептен тыс және сыныптан тыс тәрбие жұмысы	Биология	Биология
0303002	Математика	Математика	Математика
0304002	Физика	Физика	Физика

0305002	Ұйғыр тілі және әдебиеті	Ұйғыр әдебиеті	Ұйғыр әдебиеті
0306002	Қазақ тілі және әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиеті
0307002	Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиеті
0308002	Орыс тілі және әдебиеті	Орыс әдебиеті	Орыс әдебиеті
0309002	Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі орыс тілі және әдебиеті	Орыс әдебиеті	Орыс әдебиеті
0310002	Дене тәрбиесі (арнайы оқу орындарына) (дене тәрбиесі оқытушыларын даярлауды жүзеге асыратын оқу орындары үшін)	Президенттік тест Арнайы емтихан	Президенттік тест Арнайы емтихан
0311002	Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері және валеология	Биология	Биология
0312002	Валеология	Биология	Биология
0313002	Кәсіптік оқыту (сала бойынша)	Математика	Математика
0314002	Бастауыш сыныптарды оқыту	Математика	Математика
0315002	Бейнелеу өнері және сызу	1-творчестволық емтихан	1-творчестволық емтихан
0316002	Шетел тілі	Шетел тілі	Шетел тілі
0317002	Әлеуметтік педагогика	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Биология
0318002	Технология	1-творчестволық емтихан	1-творчестволық емтихан
0320002	Саңыраулар, соқырлар және мылқаулармен әлеуметтік-реабилитациялық жұмыс	Биология	Биология
0321002	Өзбек тілі және әдебиеті	Өзбек әдебиеті	Өзбек әдебиеті

0322002	Саздық білім беру	1-творчество-лық емтихан	1-творчес-т в о л ы қ емтихан
0323002	Информатика және есептеу техникасын оқыту	Математика	Математика
0400000 - Медициналық мамандықтары			
0401002	Емдеу жұмысы	Биология	Биология
0402002	Акушерлік жұмыс	Биология	Биология
0403002	Гигиена және эпидемиология	Биология	Биология
0404002	Стоматология	Биология	Биология
0405002	Ортопедиялық стоматология	Биология	Биология
0406002	Фармация	Химия	Химия
0407002	Мейірбике ісі	Биология	Биология
0408002	Лабораториялық диагностика	Биология	Биология
0409002	Медициналық оптика	Биология	Биология
0500000 - Ветеринарлық мамандықтары			
0501002	Ветеринария	Биология	Биология
0502002	Лабораториялық іс	Биология	Биология
0503002	Ветеринарлық санитария	Биология	Биология
0600000 - Өнер және мәдениет мамандықтары			
0601002	Кітапхана жұмысы	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)
0602002	Жарық режиссурасы	1-творчестволық емтихан	1-творчестволық емтихан
0603002	Әлеуметтік-мәдени және халықтық қызмет көркем шығармашылық	1-творчестволық емтихан	1-творчестволық емтихан
0604002	Аспапта орындаушылық	2-арнайы емтихан	2-арнайы емтихан
0606002	Ән салу	2-арнайы емтихан	2-арнайы емтихан
0607002	Хорды дирижерлеу ету	2-арнайы емтихан	2-арнайы емтихан
0608002	Музыка теориясы	2-арнайы емтихан	2-арнайы емтихан
0610002	Музыкалық көркемөнер эстрадасы	2-арнайы емтихан	2-арнайы емтихан

0611002	Хореографиялық өнер	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н
0612002	Актерлік өнер	2-творчестволық емтихан	2-творчестволық емтихан
0613002	Цирк өнері	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н
0614002	Сәндік театр өнері (профиль бойынша)	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н
0615002	Кескіндеме	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н
0616002	Мүсін	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н
0617002	Станокті живопись	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н
0618002	Станокті графика	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н
0619002	Сәнді-қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнер (профиль бойынша)	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н	2 - т в о р - ч е с т в о л ы қ е м т и х а н
